

2009 жылғы 6 ақпандағы аудан әкімдігінің "Халықтың мақсатты тобынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" N 51 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі N 155 қаулысы. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 21 мамырдағы N 3-3-81 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013 жылғы 22 ақпандағы № 05-1/419 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013.02.22 № 05-1/419 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 «Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңарту мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы қаулысына сәйкес Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 13 ақпандағы № 3-3-71 санымен тіркелген, «Жұлдыз-Звезда» газетінің 2009 жылғы 17 ақпандағы № 8-9 санында жарияланған 2009 жылғы 6 ақпандағы № 51 «Халықтың мақсатты тобынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы» қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын мекемелердің тізбесі» толықтырылып, жаңа үлгіде 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2) 3 тармақтағы, «Қаржыландыру жылына сәйкес Қазақстан Республикасы Заңнамасымен белгіленген ең төменгі еңбекақы көлемінен аспайтын сомада әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың 50 пайыз еңбекақысын қабылдаған ұйымға өтесін және қаражат ұйымның есеп-шотына бағытталады» деген сөздер, «Әлеуметтік жұмыс орындарда қамтамасыз етілгендердің еңбекақысы айына 30 000 теңге көлемінде құралады, соның ішінде

15 000 теңге Жол картасын іске асыру бойынша бөлінген бюджет қаражаты есебінен, 15 000 теңге жұмыс берушілердің қаражаты есебінен. Бюджет қаражаты кәсіпорынның, ұйымның есеп-шотына бағытталады» деген сөздермен өзгертілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Аққағазовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі М. Тағымов

Аудан

2009

№ 155 қаулысымен бекітілді

жылғы

28

әкімдігінің

сәуірдегі

Алға ауданында 2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын мекемелердің тізбесі

р/с	Мекемелер атауы	Әлеуметтік орындар саны	жұмыс
1	Жеке кәсіпкерлер	10	
2	Шаруа қожалықтары, ауылдық тұтыну кооперативтері	100	
3	Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер	10	
	Барлығы:	120	